

# Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

# СӨЖ

ОРЫНДАҒАН: Айдарбекова А.  
ҚАБЫЛДАҒАН: Жолдас К.

ТОБЫ: ЖМ - 103

ТУРКЕСТАН - 2012

***Дәрігер - мейірбике –  
науқас арасындағы  
қарым-қатынас***

Дәрігер қыран құстай қырағы,  
Қыз баладай епті,  
Жыландай ақылды,  
Арыстандай жүректі болуы тиіс



■ «Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деп А. Линкольн айтпақшы әрбір есі кіріп, етек жап-қан адам-белгілі бір қоғамның мүшесі болып табылады, ол қандай болмасын сүйікті бір ісімен айналысады, түрлі адамдармен қарым-қатынаста болады. Жеке адамның өзіндік ерекшелігін бағалау, нені қалайтындығын білу, көңіл күйін қадағалау әрі науқасқа ерекше көңіл аудару - ол әр дәрігердің міндеті болып табылу керек. Клиникада коммуникациялық дағдыларды тиімді пайдалану - «Ақ халатты абзал жандар» деп атанған дәрігердің парызы деп санауымыз қажет.

Коммуникативтік дағдылар дегеніміз, парыз, адамгершілік, міндет, кәсіби этика туралы ғылымдарды белгілейді. Адамдар арасындағы болатын түрлі қиыншылықты жеңу үшін түрлі кәсіби қызмет дағдыларын кеңірек пайдаланған абзал.

Ибн Синаның дәрігерлерге айтқан төмендегі сөзін «Ақ халатты абзал жан» атанамын деген әрбір дәрігер өз ұстанымы ретінде қабылдаса нұр үстіне нұр болар еді.



## ○ Дәрігер және сырқат

- Дәрігер үшін сырқат ең жақын, туыс адамы болуы тиіс, ал емделуші үшін дәрігер — өз өмірін қолына ұстатып, оған сенетін, сүйенетін адамы. Егер адам өз тағдырын дәрігерге тапсырса, оған сенетін болса, адам ретінде құрметтеуі, оның өз ісіне берілгендігін, осы шаруаның білгірі ретіндегі түйсінуін ерекше ілтипатпен білдіреді, мұндай жағдай сырқаттың өзіне ғана емес, сондай-ақ оның жанашыр туыстарына да қатысты болмақшы. Дәрігердің емделушінің туыстарымен өзара байланысы әдетте пациенттің емге орналасуының алғашқы сәтінен және емханаға алғашқы келуінен қалыптасады. Бұл ретте тума-туыстарды аурудың диагнозы да, дерттің алдағы өрістеу деңгейі де мазасыздандырады. Олардың дәрігердің аузынан өздерін толғандырған барлық мәселеге қатысты жауапты шыдамсыздықпен және күйзеліспен күтетіні де табиғи жағдай.



• Науқас адамдармен жұмыс жасау – қиын әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет.

Дәрігердің кәсіби қызметі ауру адаммен байланысты: тірі ағзаларды құрайтын биологиялық жүйелердің ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар қоғамдық байланыстың әр түрлі болуы қайталанбас психикалық көрініс құрайтын тәуелділікке байланысты.

Дәрігердің мамандығы – ерлік.

Ол төзімділікті, қайсарлықты, жанның тазалығы мен ақыл ойдың ізгілігін, ішкі болмысының негізін қажет етеді, үздіксіз өнегелі қасиеттерін бойына сіңіре білген маман иесі ғана мақсатына жете алады.

Дәрігер ауру адамға моральдық жағынан да қолдау көрсету қажет. Дәрігер мен ауру адамдардың арасындағы қарым-қатынас белгілі бір жүйеге түсу үшін дәрігердің де бойында адами қасиеттер болғаны дұрыс.





□ Дәрігер ауру адамға моральдық жағынан да қолдау көрсету қажет. Дәрігер мен ауру адамдардың арасындағы қарым-қатынас белгілі бір жүйеге түсу үшін дәрігердің де бойында адами қасиеттер болғаны дұрыс.

Күйзеліске түскен жандардың ең басты емі - жан жылуы екендігін жақсы түсінуіміз тиіс.

Коммуникативтік дағдыларды қолдану үшін науқастарды емдеудің жаңа технологияларын қолданысқа енгізіп,оның нәтижелі болуына көп көңіл бөліп,сапалы көрсеткіштерге қол жеткізуге үлес қосуымыз қажет.

Адам неғұрлым талантты, дарынды болған сайын, ол өзінің еңбегін, шығармашылығын, тапқырлығын үстей береді, сөйтіп оның еңбегі жігерлі еңбек болады.

«Басы ауырып, балтыры сыздаған» кез келген адамға қол ұшын бере алатын, көмек қолын соза алатын құдірет иесі біреу-ақ, ол – дәрігер. Жанары жәутеңдеген, ағзасын ауру меңдеген науқас адамға ерекше көңіл бөлу, рухани дем беру, дертіне шипа беру, жан жылуын сыйлау-әрбір дәрігердің парызы болғанын қалар едім.

Ежелгі грек философы Сократ айтқан екен:

**«Жанды емдемей, тәнді емдей алмайсың»** деген ұлағатты ойы есіме түседі осындайда.



- Адамдармен қарым-қатынасты орнықтыру үшін мәдениеттілікті басты назарда ұстау қажет. Адамдардың ішкі рухани әлемінің маңыздылығын, адамгершілікті жетілдіру қажеттілігін жете түсіну де керек. Ал дәрігер клиникада коммуникативтік дағдыларды тиімді пайдаланғанда ғана философиялық концепцияларды терең түсінуге жол ашады. Дәрігер науқастардың әрқайсысына дұрыс қарым-қатынас орнату үшін жоғарыда айтылған дағдыларды ескеру қажет.



- Медицина ғылымының атасы Гиппократ жазғандай : «Медицинаны құрайтын 3 нәрсе бар : Ауру , науқас , дәрігер. Науқасқа не болғанын түсіну қиын , неге оның жағдайы өте ауыр не жеңіл болып жатқаны. Бұл жағдайда дәрігер жауап беріп , түсіндіруі қажет.

- Ал науқастың ойы жайлы Francis Maenab атты дәрігер бұл туралы жазғаны: Алғашқы кездесуде дәрігердің науқасқа деген қарым-қатынасы яғни дәрігердің сөйлеу мәнері және қолдауы үлкен рөл атқарады.






At the University of Michigan, we have a long history of providing the highest quality of care to our patients.

[www.umich.edu](http://www.umich.edu) 1-800-764-7888  
© 2010 University of Michigan Health System





**Ауырып ем іздегенше,  
ауырмайтын жол іздейік!**



Назарларыңызға  
көп рахмет!!!